ANKARA
HACI BAYRAM VELİ
ÜNİVERSİTESİ

EDEBİYAT FAKÜLTESİ
TÜRK HALK BİLİMİ BÖLÜMÜ

**Review**
**of the foreign**
**scientific consultant on A. Yermekbayeva's dissertation on the theme «Ethnographic collections of museums of Kazakhstan: structure, typology and scientific-educational significance», for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty «8D02205- Archaeology and Ethnology»**

**05/11/2024**

At present, the study of the traditional cultures of various peoples stands as one of the key areas of visual and social anthropology. This is due to the fact that the investigation of the traditional cultures of ethnic communities contributes significantly to addressing numerous scientific issues related to the origins of peoples and their ethnic histories within the framework of contemporary ethnology. In this regard, one important consideration must be taken into account: over time, many elements of traditional Kazakh culture have been disappearing. Therefore, the study of these elements remains an urgent issue in modern science. In this context, A. Yermekbayeva's assertion regarding the need for the "restoration and transmission to future generations of the culture and customs of our people that are being forgotten" clearly highlights the social significance of this topic.

The main part of the dissertation consists of four chapters. The first chapter discusses the level of research on the topic, the documentary base, and the history of the museum sector in Kazakhstan. A historiographical analysis of the literature on the topic is provided, using unpublished data, ethnographic and museum collections. The subsequent chapters analyze the main traditional ethnic components directly related to the life of the Kazakh people. Throughout the study, the author systematically and thoroughly analyzes the most significant elements of traditional Kazakh culture, such as the clothing complex, dishes and food, horse equipment, handicraft products, etc. In our opinion, this approach is both correct and justified.

A. Yermekbayeva's research incorporates a variety of empirical (ethnographic and museum) data. This allowed for the determination of the geography of the collection and the history of

Yücetepe Mahallesi
85. Cadde No:8
06570 Çankaya/ANKARA
+90 (312) 231 73 60
www.hacibayram.edu.tr
hacibayramveli@hs01.kep.tr

the formation of ethnographic collections, the components of traditional Kazakh life, their condition, and typological characteristics. Overall, the materials presented in the dissertation convincingly support the conclusions of A. Yermekbayeva. For instance, in our view, the author clearly demonstrates that traditional Kazakh culture is multi-component and closely connected with the cultures of the peoples who have inhabited the territory of Kazakhstan for centuries. In this context, the researcher, A. Yermekbayeva, has fulfilled all the requirements with great responsibility and has prepared a comprehensive dissertation. It is worth noting that she has fully achieved the set goals and objectives. Additionally, A. Yermekbayeva's scientific articles confirm our views. Furthermore, the integrated approach applied by the author in studying the traditional culture of the Kazakh people from social, economic, ethnological, and historical perspectives confirms the validity of her conclusions.

In the future, it would be beneficial for A. Yermekbayeva to extend her research to the collections of traditional Kazakh culture in the museums of countries bordering Kazakhstan. However, this should be considered a suggestion.

In conclusion, evaluating the dissertation by Ainur Yermekbayeva on the topic " Ethnographic collections of museums of Kazakhstan: structure, typology and scientific-educational significance" I can affirm that it fully meets all the requirements for PhD dissertations and recommend it for defense for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty "8D02205 – Archaeology and Ethnology."

Sincerely.

Foreign consultant

**Prof. Dr. Evrim Ölçer Özünel**
Ankara Hacı Bayram Veli University
Turkish Folklore Department
evrim.ozunel@hbv.edu.tr

**Әдебиет факультеті**
**Түрік халық білім бөлімі**

**Шетелдік ғылыми кеңесшінің**

А. Ермекбаеваның 8D02205 – Археология және этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) алу үшін дайындаған «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

# ПІКІРІ

05/11/2024

Қазіргі таңда әртүрлі халықтардың дәстүрлі мәдениетін зерттеу визуалдық әрі әлеуметтік антропологияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Өйткені этникалық қауымдардың дәстүрлі мәдениетін зерттеу қазіргі этнология ғылымының халықтардың шығу тегіне және этникалық тарихына байланысты көптеген ғылыми мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Осыны айтқанда келесі мән-жайды ескеруіміз керек деп есептейміз. Яғни уақыт өте келе дәстүрлі қазақ мәдениетінің көп элементтері де кетіп бара жатыр. Сондықтан сол элементтерді зерттеу қазіргі ғылымның өзекті мәселесі болып табылады. Осы тұста А.Ш. Ермекбаеваның «халқымыздың ұмыт болып бара жатқан мәдениетін, салт-дәстүрін қайта жаңғырту, болашақ ұрпақтарға жеткізу» керек деп айтқаны осы тақырыптың әлеуметтік айқын көрсетеді.

Жұмыстың негізгі бөлігі төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауда тақырыптың зерттелу деңгейі, деректік қоры және Қазақстандағы музей саласының тарихы мазмұндалған. Тақырып бойынша әдебиеттерге тарихнамалық талдау жасалып, жарияланбаған деректер, этнографиялық және музейлік коллекциялар пайдаланылған. Қалған тарауларда қазақ халқының тіршіліккамы жүйесіне тікелей қатысы бар негізгі дәстүрлі этникалық компонеттер талданды. Зерттеу барысында автор қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің негізгі маңызды элементтеріне (киім-кешек кешені, ыдыс-аяқтар жүйесі және ас тағам, ат-әбзелдер, қолөнер бұйымдары және т.б.) жүйелі әрі дәйекті түрде талдау жасады. Біздің оймызша, бұл дұрыс әрі орынды.

А.Ш. Ермекбаеваның ғылыми зерттеуінде әртүрлі эмпирикалық (этнографиялық, музейлік) деректер пайдаланылды. Соның бәрі этнографиялық коллекцияның жинақталу географиясы мен қалыптасу тарихын, қазақтың байырғы дәстүрлі тұрмысындағы компоненттерінің коллекциясын және олардың сақталу күйі мен типологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, диссертацияда келтірілген материал А.Ш. Ермекбаева шығарған қорытындыларын дәлелді айғақтайды. Мысалы, біздің ойымызша, автор қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті көп компонентті әрі ежелден бері Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың мәдениетіне тығыз

байланысты екендігін нақты көрсетті. Осы тұрғыдан қарағанда, зерттеуші А.Ш. Ермекбаева барлық талаптарды асқан жауапекршілікпен орындап, мазмұнды диссертациялық жұмыс дайындады деп есептеймін. Бұл ретте автор алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толық орындағанын айта кету жөн. Және де А.Ш. Ермекбаева жазған ғылыми мақалалары біздің осы ой-пікірімізді растайды. Сонымен бірге қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеу барысында қолданылған сол мәдениетті әлеуметтік, экономикалық және этнологиялық, сондай-ақ тарихи тұрғыдан зерттеуді көздейтін кешенді әдіс-тәсілдер автордың шығарған қорытындылары негізді әрі дәлелді екендігіне еш күмән тудырмайды. Болашақта А.Ш. Ермекбаева Қазақстанмен шекаралас елдердің музейлеріндегі қазақтың дәстүрлі мәдениетіне байланысты коллекцияларды да зерттесе дұрыс болар. Бірақ осы айтқанымызға тек қана ұсыныс деп қарау жөн.

Қорыта айтқанда, Айнұр Ермекбаеваның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын жоғары бағалай отырып, оның PhD докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді деп есептеймін және «8D02205 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге ұсынамын.

Құрметпен.
Шетелдік кеңесші

/Қолы бар/ /Мөрі бар/

Профессор, доктор Еврим Олчер Озунел
Анкара Хаджы Байрам Вели Университеті
Түрік халық білім бөлімі
Evrim.oxunel@hbv.edu.tr

Мен, **Кенжетаева Диана Серикболовна**, бұл құжат түпнұсқалығына сәйкестігін және дұрыс аударғандығына қолымды қойып растаймын.

Қолы...Кенжетаева...Диана...Серикболовна.......

ИП «TRANSLATION SERVICES PRO»
ЖСН/ИИН 890416450513
Кенжетаева Диана
Аудармашы/Переводчик
Сот: +7 747 580 89 48

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Жиырма төртінші қаңтар екі мың жиырма бесінші жыл, мен **Мусатаева Айгерим Максатовна**, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің берілген №21015147-саны 15 сәуірде 2021 жылы лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласы нотариусы аудармашының **Кенжетаева Диана Серикболовна** қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі және өкілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 493 тіркелді
Өндірілді: 2084 теңге
Нотариус

Нөмірленген және бауылқтаған
Пронумеровано и прошнуровано
парақ/страниц
Нотариус

ZZ09071065608993О4436H7260008
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия